



Маткерім Дана Адильханқызы (1985 жылы туылған) – кинотанушы, «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы.

Маткерім Д.А. 2003 жылы Балғабек Қыдырбекұлы атындағы орта мектепті бітірді. Мектеп қабырғасында жүргенде облыстық газеттерге алғашқы шағын мақалалары жарық көрді.

2003 жылы Т.Қ. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық Өнер академиясы, «Өнертану» факультетіне оқуға қабылданып, кинотанушы Наурызбекова Гүлжан Құрманғалиқызының шеберханасында «Кинотану» мамандығы бойынша дәріс алып, 2007 жылы оқуды үздік дипломмен аяқтады.

2008 жылдан бастап Т. Қ.Жүргенов Қазақ Ұлттық өнер академиясының «Кино және ТВ» факультетінде эдвайзер, «Режиссура кино» кафедрасында оқытушы қызметтерін атқарды. Академия қабырғасында оқытушылықпен қатар Жоғарғы оқу орынынан кейін білім беретін ғылыми-практикалық орталықта кіші ғылыми қызметкер міндетін атқарды.

2012 жылдан бастап Қазақ ұлттық консерваториясының «Композиция және арт-менеджмент» факультетінде «Арт-менеджмент» кафедрасында оқытушылық қызметін атқара отырып, ғылыми-практикалық орталықта да жұмыс істеді.

Сондай-ақ, 2011-2013 ж.ж. аралығында Халықаралық «Шәкен Жұлдыздары» кинофестивалінде пресс-секретарь қызметін атқарды.

2012-2014 ж.ж. аралығында АҚ «Хабар» Агенттігінің құрамындағы «Ел Арна» телеарнасында эфир редакторы қызметін атқарды.

2014-2018 ж.ж. аралығында Т.Қ.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық Өнер академиясы, «Өнертану» факультетінде «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушы қызметін атқарды. Ал, 2018-2021 жылдар аралығында Т.Қ.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық Өнер академиясы, «Әдістемелік» бөлім басшысы, «Өнертану» факультетінде «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушы. Қазіргі таңда Т.Қ.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық Өнер академиясы, «Өнертану» факультетінде «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушы қызметін атқарып жүр. 2023 жылдан бастап академиядағы Ішкі сапаны қамтамасыздандыру және мониторинг қызметінің басшысы болып тағайындалды.

Кино саласына өзекті мәселелеріне қатысты ғылыми мақалалары ғылыми-практикалық конференция жинақтарында және республикалық «Жас алаш» журналының №8 (485) санында алғашқы «Серік Апрымов фильмдеріндегі кейіпкерлер әлемі» атты мақаласы, «Өнер ордасы», №7, наурыз айының санында «Қасым Жәкібаевтың кинодағы рөлдері» атты

мақала, «Жас алаш» газеті, №13 (995), «Әнуар Молдабеков» атты мақаласы, «Кино алаңы» журналы, №2, «Ұрпағына асыл мұра сыйлаған оператор: Федор Аранышев», «Кино алаңы» журналының №9 санында «Қазақтың тұңғыш кинооператоры – Ескендір Тынышпаев», «Кино алаңы» журналының №12 санында «Алғашқы витраж көрмесі» атты мақаласы жарық көрген. «Отражение национальной идентичности в исторических фильмах» атты мақала, «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы, 8 сәуір, 2021 жыл. «Ұлттық бірегейлік, ұлттық мінез және менталитет ұғымдарының тарихи фильмдерде көрініс табуы» атты мақала, «Глобальная наука и инновация 2021: Центральная Азия» журналы, №3 (13), 2021 жыл.